

Қостанай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 41 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 58 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 ақпанда № 7507 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 41 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-14-100 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 27 ақпанда "Көзқарас-Взгляд" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай ауданының әкімі

К. Ахметов